

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДЫҢ ҚУАТТЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ БОЛА АЛАДЫ. ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЖОЛАУШЫЛАР МЕН ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН ЖАҚСАРТАДЫ. ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ӘЗІРЛЕМЕЛЕРГЕ ИНВЕСТИЦИЯ САЛУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУ ЖӘНЕ ТЕМІР ЖОЛДАРДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ӘЛЕУЕТІН ТОЛЫҚ АШУ ҮШІН АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ.

Мақсат ҚАЛИАҚПАРОВ,
ҚР Көлік вице-министрі



№89 (3019)
22/10/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПЕРСПЕКТИВЫ СОТРУДНИЧЕСТВА ДВУХ ДОРОГ

В городе Урумчи (КНР) состоялось 33-е совещание Смешанных комиссий пограничных железных дорог Казахстана и Китая, где руководство ҚТЖ и Урумчической дороги обсудили перспективы развития сотрудничества.

Алуа ТЛЕУБАЙ

Участники встречи подвели итоги работы пограничных железнодорожных переходов между РК и КНР за девять месяцев этого года, обсудили планы перевозок до конца 2024 года и согласовали предварительные объемы перевозок грузов на 2025 год.

Кроме того, стороны согласовали расписание движения грузовых и контейнерных поездов на 2024-2025 годы. В ходе совещания рассмотрены вопросы модернизации и реконструкции пограничных станций Алашанькоу и Достык, строительства вторых путей на участке Достык – Мойынты.

Сторонами достигнута договоренность



после завершения работ на приграничной инфраструктуре в 2025 году увеличить объем перевозок грузов, в частности, китайская сторона заявила о готовности увеличения приема экспортных грузов. По итогам совещания подписан протокол встречи.

По словам участников, такие плодотворные

встречи нацелены на совместное использование ресурсов, взаимодополнение преимуществ и практического сотрудничества. Они помогают углубить сотрудничество в сфере освоения новых транспортных проектов, создания логистических цепочек.

Фото автора

ЖОЛ ЖӨНДЕУДЕ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Жыл басталғалы «ҚТЖ» ҰК» АҚ серіктесі «Теміржол жөндеу» ЖШС кәсіпорнымен екі жүзден астам шақырым жол жөнделген.

Биыл мердігер компанияның филиалдарымен 257,7 км жолды жаңарту қарастырылған. Қазіргі таңда күрделі жөндеу жоспары 80% асып орындалған.

Нақты деректерге сүйенсек, наурыз-тамыз аралығында Жол машиналары станциялары 196,6 шақырым жаңа жол төсеген. Атап айтсақ, Ақтөбе ЖМС – 54,2 км, Бірлік ЖМС – 53,2 км, Астана ЖМС – 41 км және Шар ЖМС 47 км шамасында жол төсеген. Ал күздің алғашқы айы басталысымен 8 шақырымнан астам жол төселді. Одан кейін тағы 26 км жолды күрделі жөндеуден өткізіп, жаңа келбет сыйлауға кіріскен болатын компания филиалдары. Ұлттық компанияның сенімді серіктесіне айналған «Теміржол жөндеу» ЖШС жыл сайын елімізде 250-270 километр жолға күрделі жөндеу жүргізіп, екінші «тынысын» ашып келеді.

Ислам ТАЛҒАТ



Ерлан КЛЫШПАЕВ,
руководитель управления цифрового развития департамента цифровизации и государственных услуг Министерства транспорта РК.

МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА УЖЕ ОБОЗНАЧИЛО КОНКРЕТНЫЙ ВЕКТОР РАЗВИТИЯ В СФЕРЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ. СОЗДАН ОФИС ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ, В КОТОРЫЙ ВКЛЮЧЕНЫ ЗАИНТЕРЕСОВАННЫЕ ИТ И ТРАНСПОРТНЫЕ СОЮЗЫ И АССОЦИАЦИИ. УТВЕРЖДЕНА КАРТА ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ НА ПЯТЬ ЛЕТ, В РАМКАХ КОТОРОЙ МЫ БУДЕМ ПОСТЕПЕННО ПЕРЕСМАТРИВАТЬ И ПРОВОДИТЬ РЕИНЖИНИРИНГ ПРОБЛЕМНЫХ БИЗНЕС-ПРОЦЕССОВ

Инфрақұрылым ТЕРМИНАЛ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

Маңғыстауда Құрық портында салынып жатқан астық терминалының құрылысы аяқталып, қондырғылар сынақтан өткізіліп жатыр. Бұл терминалдың қуаты 1 миллион тонна астықты құрайды. Қазір аталған нысан арқылы Солтүстік Қазақстан өңірінің бидайы қабылдануда. Жоспар бойынша алғашқы астық қазан айының соңында жөнелтіледі.

Құрық порты – Қытай мен Орталық Азиядан Еуропаға жүк тасымалдаудың ең қысқа жолы ретінде танылған. Биылдың өзінде «Орта дәліз» бағыты бойынша 1 млн 600 мың тонна жүк өңделіп, жөнелтілді. Порт басшылығының айтуынша, соңғы жылдарда вагонмен тасымалданатын жүктерге қоса, автокөлік тасымалы артқан. Нәтижесінде былтыр Құрық порты 2 млн тоннадан аса жүк өңдеп, бұрын-соңды болмаған көрсеткішке қол жеткізді.

«Солтүстік пен Оңтүстік дәліздерге қарағанда қазіргі геосаяси жағдайларға байланысты «Орта дәліздің» маңызы

артып келеді. Жылдан-жылға көлік айналымы да өсіп жатыр. Осы жылдың өзінде 18 мың көлік өңдеп, қабылдап, жіберіп тастадық», – дейді Құрық порты бас директорының пайдалану жөніндегі орынбасары Бақыткерей Әлібеков.

«Орта дәліз» Транскаспий халықаралық көлік бағдарының бір тармағы болып есептеледі. Ол арқылы Қытай, Орта Азия елдерінен шыққан жүк Құрық және Ақтау порттарымен Әзірбайжан, Грузия, Түркия, одан әрі Еуропа елдеріне жеткізіледі. Құрық порты осы бағдар бойынша 2017 жылдан бері 10 миллион тоннадан астам жүк өткізген.

«Биыл жүк тасымалын 2 млн 300 мың тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бүгінде соның 1 миллион 600 мың тоннасы өңделіп, жөнелтілді. Алда әлі 2 айдан аса уақыт бар. Астық терминалы жылына 1 миллион тонна бидай өңдейді. Оған қоса біз үшінші айлақты негізгі жүктер қабылдайтын айлаққа айналдыру үшін инвесторлармен келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Ол тағы 500 мың тонна жүк өткізуге ықпал етеді», – деп түйіндеді сөзін Бақыткерей Әлібеков.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



ДЛЯ ТРАНСПОРТНОЙ СВЯЗНОСТИ

АО «ОТЛК ЕРА» и China Railway Container Transport Co., Ltd. (CRCT) подписали меморандум о стратегическом сотрудничестве для развития трансевразийских железнодорожных перевозок и услуг по доставке грузов по Новому шелковому пути.

Любовь РОВБА,
Астана

Стороны договорились о сотрудничестве в сфере нормативного регулирования евразийских перевозок. В частности, CRCT и ОТЛК ЕРА будут содействовать реализации электронного обмена данными и безбумажных перевозок своим компаниям-акционерам: Китайским железным дорогам, а также АО «НК «Қазақстан темір жолы», ОАО «РЖД» и Белорусской железной дороге.

Соглашение направлено на эффективную реализацию транспортно-логистического потенциала евразийского пространства, цифровизацию



международных транспортных коридоров, клиентоцентричности и усиление роли сторон на глобальном рынке транспортно-логистических услуг. В процессе совместной работы в области информационного обмена и развития «Цифрового шелкового пути» для гармонизации усилий,

повышения планируется установить партнерские отношения между интернет-порталами Csexpress.cn и Index1520.com, расширить аудиторию и повысить информационную ценность сайтов для предоставления грузовладельцам и грузоотправителям возможности оперативно получать

необходимую информацию о рынке трансевразийских железнодорожных перевозок.

Стороны отмечают исключительную важность повышения транспортной связности евразийского пространства, организации регулярного обмена информацией, объединения маркетинговых ресурсов и повышения прозрачности сервисов и предоставляемых услуг с целью повышения доверия к евразийским основным транспортным коридорам.

– Координация технологических и рыночных компетенций повысит привлекательность поездов Китай – Европа для евразийских грузовладельцев, внесет вклад в персонализацию логистических решений и повысит уровень интеграции на ключевых евразийских маршрутах, – считает генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.

CRCT является дочерним предприятием государственной корпорации «Китайские железные дороги», играет роль единой сервисной платформы для функционирования поездов Китай – Европа.

УВЕЛИЧЕНИЕ МОЩНОСТЕЙ

АО «НК «ҚТЖ» ведет постоянную работу над повышением эффективности транспортных потоков между Европой и Азией. В подтверждение этого на днях подписан значимый меморандум между АО «KTZ Express» и румынской компанией Midia International SA.

Так, в столице состоялась официальная встреча представителей АО «KTZ Express» и румынской компании Midia International SA. В ходе встречи обсуждались перспективы развития транспортных и логистических связей между странами, а также возможные совместные проекты в области грузоперевозок. По итогам переговоров был подписан меморандум о сотрудничестве, направленный на укрепление взаимодействия в сфере грузоперевозок.

Стороны выразили намерение поддерживать и развивать совместные проекты, что должно повысить эффективность транспортных потоков между Европой и Азией.

Асель ШАЙХИНОВА

ЖАҢА ВАГОНДАР ҚАТЫНАЙДЫ

Жолаушылар вагондары паркін кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары жалғасуда. Мәселен, «Түркісіб Астана» ЖШС жеке тасымалдаушысының паркi 2024 жылы шығарылған купе және плацкарт үлгісіндегі 10 жаңа жолаушылар вагонымен толықты. Сонымен қатар оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы штабтық вагон бар.

Барлық вагондар «ЗИКСТО» АҚ отандық өндірушісінен сатып алынды. Вагондар ауа баптағыш жүйелерімен және биоэжетханалармен жабдықталған. Жоғарыда аталған жаңа жолаушылар вагондары биылғы қараша айынан бастап №43/44 «Қостанай-Алматы» бағыты бойынша қатынайды. Айта кету керек, бұл бағытта қатынайтын вагондор әбден ескірген және жолаушылар тарапынан үнемі шағымдар болатын. Естеріңізге сала кетейік, биыл 122 бірлік жаңа вагон әкелінді, жыл соңына дейін тағы 18 бірлік жеткізіледі деп күтілуде.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2024 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНАН БЕРІ «КҮТУ ПАРАҒЫ» ҚЫЗМЕТІ АРҚЫЛЫ

145 мыңнан

АСТАМ ЖОЛАУШЫ ПОЙЫЗДАРҒА БИЛЕТ САТЫП АЛҒАН.

БИЫЛҒЫ 9 АЙ ІШІНДЕ ҚЫТАЙДАН ЕУРОПАҒА ЖӘНЕ КЕРІ БАҒЫТТАҒЫ ТРАНЗИТТІК КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДАР КӨЛЕМІ

24 мың

ЖФЭ-НІ ҚҰРАҒАН.

2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЕЛІМІЗДЕ

180

АСТАМ ТЕМІРЖОЛ СТАНЦИЯСЫНЫҢ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ТУРАЛЫ КӨЗДЕЛІП ОТЫР.

АЙНАЛМА ЖОЛ САЛУ АСА МАҢЫЗДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбе бөлімшесі жүк айналымынан сегіз айдың көрсеткіші бойынша жежені толық орындап шықты. Өңірде 2 млн тоннадан аса қарм, 300 тоннадан аса қара металл экспортталған.

«ҚТЖ–Жүк тасымалы» ЖШС Ақтөбе бөлімшесі 2024 жылдың 8 айында сегіз позициямен тасымал көрсеткішін жапты. Ақтөбе бөлімшесіне жүк тасымалына тапсырыс беруші ірі кәсіпорындардың бірі – «Қазхром» АҚ. Компания өңірдің бірнеше станциясынан жүк жөнелту жұмыстарын ұйымдастырады. Биыл Дөң станциясынан компанияның 34 898 вагон 2 437 151 тонна жүк тиелген. «Қазхром» АҚ-ның филиалы Ақтөбе феррокорыпта зауыты Жіңішке станциясынан экспортқа 5150 вагон 338 886 тонна қара металл және 5136 вагон 313 406 тонна қатты жүк экспорттады. Ал Кемпірсай станциясынан 4117 вагон 269 677 тонна кен тиелген.

Ақтөбе бөлімшесінің техникалық бөлімінің мәліметінше, маршруттық пойыздардың тиімді қозғалысына қол жеткізу үшін Хромтау станциясының бағытынан Жазық станциясына және кері қарай Никельтау станциясына кірмей, оны айналып өтетін айналма жол салу сұрағы өзекті болып отыр. Сондай-ақ алдағы уақытта Қандыағаш – Никельтау – Әйтеке би учаскелерінде автоматты бұғаттау жүйесін енгізу сұрағы шешіледі деп күтілуде.

Теміржолшылар мәліметіне жүгінсек, бұл жобаны іске асыру аймақтағы темір жолдың жалпы жүктемесіне оң әсер етеді. Бұл учаскені жаңғырту нәтижесінде, оның өткізу қабілеті 8-ден 20 жүп пойызға дейін артады. Бұл айтарлықтай экономикалық тиімділік береді, жүк вагондарының айналымын жеделдетумен қатар транзиттік пойыздардың жолын қысқартады. Жоба іске қосылғанда «Тальго» жүрдек жолаушылар пойыздары мен басқаларының жол жүру уақыты қысқара түспек. Осылайша, тоғыз жолдың торабындағы Ақтөбе бөлімшесінде келесі жылы ірі жобалар қолға алынады. Тасымал қызметі де арта түсері сөзсіз.

ӨНІР ДАМУЫ СӨЗ БОЛДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қиыбай «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы ұйымдастырған семинар-кеңеске қатысты.


Іс-шара теміржол көлігі қозғалысының қауіпсіздігіне байланысты мәселелерді және оларды шешудің жаңа тәсілдерін талқылауға арналды. Семинарға ҚТЖ Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті басшысының орынбасары Ниязбек Жаңабаев, Маңғыстау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелерінің директорлары, көлік саласындағы құқық қорғау органдары, облыстық мәслихат өкілдері, сондай-ақ еліміздің әр өңірінен келген пойыз қозғалысының бас ревизорлары қатысты. Теміржолшылар бас қосқан жиында көлік қауіпсіздігін нығайту, инфрақұрылымды жаңарту және темір жол ревизорларының қызметін оңтайландыру жолдары талқыланды.

Өңір басшысы Нұрдәулет Қиыбай темір жолдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне тоқталып, саланың өңір экономикасына тигізетін оң әсерін атап өтті.

– Болашақта өңірде теміржол тасымалы артады деген үмітіміз зор. Алдағы уақытта жаңа вагондар алу бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Бұл ел экономикасының дамуына серпіліс береді. Теміржол саласы мамандарының жұмысы үлкен жауапкершілікті талап етеді, – деді Нұрдәулет Қиыбай.

Жиын қорытындысы бойынша теміржол көлігі қозғалысының қауіпсіздігі және жүйелік мәселелерді шешуге арналған ұсыныстар қабылданды.

ЖАҢА-СЕМЕЙ ҚАЙТА ЖАҢАРУДА



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Ел шығысындағы Семей теміржолының 661,5 шақырымында орналасқан бірінші класты Жаңа-Семей жүк станциясын жаңғырту мен дамыту шаралары қолға алынуда. Бұл – ұлттық компания басшылығының алдағы жылдарға қойып отырған негізгі міндеттемесі.

Жалпы, аталмыш станцияны дамыту жұмыстары осыдан екі-үш жыл бұрын қолға алынған еді. Атап айтсақ, «ҚТЖ» ҰК АҚ-ның «Цифрлық трансформация» бағдарламасының «Маневрлік жұмыстың тиімділігін арттыру» жобасы аясында қанатқақты іс-шаралар басталған болатын. Яғни, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша маневрлік локомотивтерді пайдалану уақытын бөлек есепке алудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу дәл осы Жаңа-Семей жүк станциясынан бастау алғанды.

Аталмыш бағдарлама маневрлік локомотивтердің нақты жүктемесін бағалауға, деректерді өңдеудің сенімділігін арттыруға, адам факторының әсерін азайтуға, станция жұмысындағы сыбайлас жемқорлықты болдырмауға, сондай-ақ жалпы өнімділікті арттыруға мүмкіндік берді.

Бүгінде станцияда осыған дей-



ін ЖТ-5 бөлімшесі бойынша қозғалыс қауіпсіздігі саласында еңбек еткен білікті маман Дәулет Сүлейменов басшылық етуде. «Жас келсе іске» демекші, жаңашыл шараларды қолға алуда. Бұл ретте өткен айдың басында Семей шаһарына арнайы жұмыс сапарымен келген ұлттық компания басшылығының алдында Жаңа-Семей станциясының жүк айналымын реттеудегі әлеуетін дәлелдеп берген болатын.

– Қазіргі таңдағы Достық – Мойынты учаскесін жаңғырту-

дан және жаңа Бақты – Аягөз желісін салудан кейін күтілетін жүк ағынын қамтамасыз ету үшін Семей ЖТ бөлімшесінің алдына инфрақұрылымды дайындау және дамыту бойынша тың міндеттер қойылып отыр. Осы орайда аймақтағы ең ірі жүк станциясы ретінде Жаңа-Семейдің техникалық жай-күйін жақсарту жұмыстарын күшейту, сондай-ақ дамыту жөнінде іс-шаралар жүргізу тұр, – дейді бұл хақында станция бастығы.

Жалпы, бөлімше бойынша жа-

сақталатын ауыр салмақты ұзын құрамдардың басым бөлігі осынау станцияда құрастырылады. Жүк тиеу мен түсірудегі көрсеткіштер жыл өткен сайын жоғарылауда. Мәселен, ағымдағы жылғы 9 ай бойынша жежелі шаралар жоспарға сай орындалды.

Бүгінде аталмыш станция бойынша қолға алынған қызметтік тәсілдерді жаңарту, пойыз құрастыруда жаңашыл шаралар мол. Жалпы, бөлімше арқылы тасымалданатын жүктер мен жолаушылар пойызының барлығы дерлік Жаңа-Семей станциясынан өтеді. Оның үстіне, аталмыш станция қаланың алып өнеркәсіптік аймағына, іргелі кәсіпорындарға қызмет көрсетеді. Сол себептен де жүк жөнелтудегі кесте тәртібін сақтау мен жергілікті және транзиттік пойыздарды өңдеуге бірінші кезекте баса мән беріледі. Мәселен, өткен тоғыз ай ішінде 90 мыңның үстінде жүк тиелген вагон қабылданып алынған. Оның ішінде өңдеуден өткізілген транзиттік пойыздардың үлесі жоғары. Соңғы уақытта жұмыс паркі тәуліктік орташа есеппен алғанда 36 вагонға ұлғайтылды. Оған жергілікті вагондар айналымының артуы мен транзиттік вагондарды өңдеуді жылдамдатудың қажеттілігі себеп болуда. Тұйық желілер мен кірме жолдардың көп болуы себепті маневрлік жұмыстар да толассыз жүргізілуде.

Суретті түсірген автор

ТОК СОҒУДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Түркістандағы электрмен жабдықтау бөлімшесінде соңекші болып қызмет ететін Мұрат Әлімжанұлының қолындағы құрылғы УВН деп аталады. Бұл затпен жоғары кернеулі қуат көзін, яғни 10 мың кВт-тық желілерді тексереді екен. Ол жоғары кернеулі желіде токтың бар-жоғын көрсетеді.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Түркістан

Бүгінде Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясының Түркістандағы бөлімшесінің ұжымы жүздеген шақырымға созылатын желілерді күтіп-баптау арқылы телімдерді электрмен толыққанды қамтамасыз етіп отыр. Ал Мақсат Бұзаубаев жетекшілік ететін бөлімшеде тәжірибесі толысқан, сайдың тасындай іріктелген сақа мамандар еңбек етеді.

Соның бірі – дистанция кезекшісі Мұрат Түкібаев. Ол мекемедегі қауіпсіздік қағидасының қатаң сақталуы мен осыған қатысты құрал-жабдықтардың толық болуына және оған сай қызмет көрсетуіне жауапты екен. Өйткені біз мекемеге келгенде ол өзінің қызметтік міндетімен байланысты құрал-жабдықтарды таныстырып, сол туралы айтып берді. Соның бірі осы біз сөз етіп отырған «сиклыр таяқша» секілді УВН құрылғысы еді.

Маманның түсіндіруінше, ақау анықталып, механиктер жөндеуге кіріспес бұрын желі толықтай электр қуатынан ажыратылады. Солай десек те, энергетиктер іске кіріспей тұрып, әлгі желіні бір тексеріп алуға міндетті. Әрине осы сәтте жоғарыда аталған УВН құрылғысы қолданылады. Яғни электр



қобдишаларының ішіндегі автоматты құрылғылар мен тұтқалы қосқыштарға немесе үзілген желінің ашық қалған тұсына УВН-ның ұшын тигізу арқылы ол жерде қуат көзінің бар-жоқтығына көз жеткізіледі. Ал аспапты резеңкелі диэлектрикпендіру қолғабынсыз қолдануға мүлдем болмайды. Қызығы сол, қолғап екеш қолғаптың өзі бекітілген кестеге сай мұқият тексеріліп тұрады. Ал оны Шымкенттегі электр құралдарының жұмысқа жарамдылық қабілетін анықтай-

тын арнайы зертханада ғана іске асырады. Жауапты мамандар ерінбей, талмай сол резеңке қолғаптар мен УВН құрылғыларын арқалап апарып, сол зертханалық тексерістен өткізуге міндетті екен. Содан соң ғана оларды қолдануға жарайтын немесе жарамайтыны жөнінде жазбаша қағаз беріледі.

Сала мамандарының түсіндіруінше, оларды ток соғудан құтқаратын тағы бір тиімді амалдың бірі «заземление» деп аталатын кәрінеді (бағана басындағы желінің бір ұшын жерге жалғау әдісі). Осы амалға сүйенетіндер «электрикті бір-ақ рет ток соғады» деп қалжыңдаса керек-ті. Ал бұл әдісті таратып айтар болсақ, ол – оң және теріс зарядты қос желімен қабаттаса жүретін үшінші желі саналатын заземленінің үнемі қосылып тұруы. Бұл халық арасында кеңінен қолданысқа енгізілмегенімен, темір жолда мұқият сақталып, сапалы орындалуы тиіс міндеттеменің бірі.

– Біз ақау орнында жұмыс істеп жатқан сәтте кенеттен желінің екінші ұшын жағдайдан бейхабар біреу-міреу кенеттен қуат көзіне қосып жіберуі де мүмкін. Сондай жағдайда жұмысшыны ток соқпайды және осы жерге көму әдісінің нәтижесінде біз аман қаламыз, – дейді Мұрат Әлімжанұлы.

Суретті түсірген автор

БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ



ҚАУІПСІЗДІК

Темір жол бойында қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды басты міндет еткен сыр-бойылық теміржолшылар жылжымалы құрамдардың еш кідіріссіз бөлімше телімдерінен өтуіне қызмет жасауда. Әсіресе аймақ ревизорларының тәулік бойғы жұмысы ерек.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

«ҚТЖ» ҰК АҚ «Жол диагностикалық орталығы» Қызылорда филиалының жол шаруашылығы ревизоры Әмірхан Жүсіпбековтің мәліметіне сүйенсек, өткен жылдың бес айында пойыздық және маневрлік жұмыстар барысында тіркелген 11 қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу жағдайы бөгде мекемелердің еншісіне тиесілі болса, биылғы бес ай

ішінде бөлімше бойынша 13 жағдай тіркелген, сондай-ақ локомотивтің істен шығуы, пойыздың бір сағатқа кешіктірілуі секілді бірнеше оқиға орын алған. Тепловоз машинистерінің жедел тегегіш басу жағдайы өткен жылдың есепті мерзімінде 76 мәрте болса, биыл 46 рет тіркелген. Мұның 27-сінде иесіз малдың жол үстіне шығуы, бөгде адамның рельс үстінде жүруіне байланысты 18 жағдай есепке алынған.

Ал маусым айының алғашқы 10

күнінде Қорқыт станциясы маңы мен Қызылорда жол дистанциясы телімінде бір-бірден иесіз малдың жол бойына шығып жайылып, пойызға басылуы тіркеліпті. Өткен жылдың осы уақытында иесіз малдың жол жағалай жайылуының 3 оқиғасы тіркеліп, мал иелерінің теміржолшылар тарапынан жасалатын ескертулерге құлақ аспайтындығын білдіреді.

Өңір теміржолы бойында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы

үшін аймақтағы 6 ревизор күн-түн демей жұмыс жасап, кез келген қауіптің алдын алуға қырағы қызмет етуде, түсіндіру тобымен де, телім бойында жұмыс жасаған теміржолшылармен де қоян-қолтық араласып, қауіпсіздік үшін жұмыс істеп, назарға ілінген кемшіліктер арнайы жазбаға алынып, оның түзетіліп орнына қойылуы қадағалануда. Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтауды арттыру үшін сала шаруашылықтары кезектен тыс тосын тексерулер, беймезгіл уақыттағы бақылау жұмыстары ұйымдастырылуда. Мұның бәрі жылжымалы құрамның қауіпсіз қозғалысын сақтау, теміржолшы мен техниканың амандығын талап ететін ережелердің, қағидалардың орындалуын қадағалауға жұмылдырылған іс-шаралар.

– Аймақ бойынша пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты түрлі шаралар атқарылуда. Иесіз малдың жол бойын жағалай жүруіне байланысты жергілікті тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, атқарушы билік органдарына қатынас хаттар жолданып, мал шаруашылығын кәсіп еткендерге теміржолдың аса қауіпті аймақ екендігі түсіндірілуде. Алайда, нәтиже көңіл көншітерілік емес. Ескерту, қатынас хаттарға берілген жауап мардымсыз, иесіз малдың жол жағалай


жайылуы әлі тыйылар емес. Дегенмен тұрғындармен теміржолдың қауіпті аймақ екендігін ескерткен түсіндіру жұмыстары жалғасып, рейдтер өткізілуде, – дейді ревизор Әмірхан Жүсіпбеков.

Оның айтуынша, биылғы жыл басынан бері 5 рет жолаушылар пойызының тепловозына мал басылу жағдайында зақым келтірілген. Осы жағдайдың орын алуына орай ревизорлар аппаратының басшысы Алматы Молдашев пен мекеме басшыларының бірлескен талдау жұмысын жүргізу ревизорлар аппаратының күн тәртібінде өзектілігін қоймаған.

– Пойыздардың қауіпсіз қозғалысын сақтауды арттыру мақсатында адам көп өтетін жерлерге арнайы белгілер мен зиг-заг тәрізді есіктер қойылған. Ал қысқартылған теміржол өткелдерінен иесіз малдың өтуіне байланысты тепловоз машинистерінің жедел тегегіш қолдануының көбеюіне байланысты ревизорлар аппараты тарапынан уақытша кезекшілер қоюға ұсыныс берілді. Сонымен қатар жаз маусымында теміржол көлігін пайдаланушы жолаушылардың көбеюінен Қамбаш, Шөміш, Жалағаш, Тереңөзек станциялары маңындағы теміржол өткелдерін қайта ашу туралы компания басшылығына түсіндірме хаты жолданды, – деп түйіндеді сөзін Әмірхан Жүсіпбеков.

Суретті түсірген автор

ВЗАИМНЫЙ ИНТЕРЕС



СОТРУДНИЧЕСТВО

Вопросы сотрудничества в транспортно-логистической сфере обсудили в ходе 25-го заседания Межправительственной комиссии по сотрудничеству между Республикой Казахстан и Российской Федерацией, прошедшего в Москве.

В частности, по итогам девяти месяцев 2024 года в результате совместной работы железных дорог Казахстана и России объемы перевозок контейнеров из России в Китай через Казахстан увеличились на 63%, через территории России и Казахстана по маршруту Китай – Европа – Китай – на 65% по сравнению с аналогичным периодом 2023 года. Для дальнейшего увеличения грузопотока контейнерных поездов по маршруту Китай

– Казахстан – Россия на заседании МПК стороны договорились проработать вопрос строительства необходимой транспортной инфраструктуры, прилегающей к станции Селятино, где в апреле этого года был дан старт проекту по созданию современного транспортно-логистического центра CRK Terminal – совместного предприятия, направленного на обеспечение эффективной обработки грузов, следующих по маршруту


Сянь (Китай) – Достык/Алтынколь (Казахстан) – Селятино (Россия). Этот центр станет важным звеном в развитии международных транспортных коридоров и повысит конкурентоспособность транзитных перевозок через Казахстан.

Во время заседания межправительственной комиссии казахстанская сторона подняла вопрос о введении ограничений со стороны РФ на ввоз отечественной подкарantinной продукции. Стороны договорились провести двусторонние консультации между уполномоченными государственным органами для скорейшей выработки путей решения сложившейся ситуации.

В ходе встречи также были подведены итоги двустороннего сотрудничества в торгово-экономической сфере, промышленности, энергетике, транспорте, финансах, культуре, науке, образовании и туризме.

Айлин БАУРЖАН

РЕЗУЛЬТАТ ОБЩЕГО ТРУДА



ИТОГИ

За девять месяцев текущего года Достыкским эксплуатационным вагонным депо выполнены важные задачи по техническому обслуживанию вагонов, что позволило снизить количество аварийных ситуаций и повысить безопасность на железной дороге.



в выполнении поставленных задач.

– Это результат общей работы, и мы уверены, что сможем сохранить достигнутые результаты и продолжать их улучшение в будущем, – добавил он.

С целью недопущения браков и задержек в поездной и маневровой работе, для повышения трудовой и технологической дисциплины введены организационно-технические мероприятия, направленные на безаварийную работу, сокращение брака и производственных травм.

Фото Даницыра БИМАШЕВА

Милена КАИРОВА,
станция Достык

Так, с начала года к техническому осмотру предъявлено 39 672 пассажирских и грузовых поезда, за аналогичный период прошлого года – 37 937. Под погрузку дано 132 065 вагонов, за аналогичный период 2023 года – 113 513. Отпущено 3 970 вагонов, отремонтировано 2 185.

Сдано 8 007 поездов, в прошлом году – 6 821, увеличение – на 1 186, или на 14,8%. Принято 7 872 поезда, за аналогичный период 2023 года – 6 882, увеличение – на 12,5%.

На обслуживаемом участке ВЧД-26 в эксплуатации имеется 22 средства автоматического контроля КТСМ-02.

За девять месяцев 2024 года проконтролировано 126 908 поездов против 109 024. Остановлено 96 поездов, из них грение буксового

узла – 74, торможение – 21, волочение – 1. Общее время задержки составило 25 часов 25 минут, в прошлом году – 16 часов 45 минут.

Благодаря улучшению рабочих процессов депо достигло значительных результатов. Особое внимание уделено вопросам подготовки и повышения квалификации персонала. Проведенные обучающие мероприятия позволили повысить профессиональный уровень и улучшить качество выполняемых работ.

Руководство депо отмечает, что результаты работы являются хорошей основой для успешного завершения текущего года, а также дальнейшего развития и совершенствования производственных процессов в следующем периоде.

Заместитель начальника депо Болат Мухамедиев, подводя итоги работы, отметил важную роль каждого сотрудника

Социум

О ЧЕМ ВАЖНО ПОМНИТЬ

Актуальные и общественно значимые вопросы, которые касаются финансовой грамотности, социального благополучия населения, противодействия теневой экономики Казахстана, обсудили в встрече железнодорожники Восточно-Казахстанского региона с представителями республиканского проекта «Қарыссыз қоғам» по ВКО, Молодежного ресурсного центра, правоохранительных органов.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

На мероприятие, которое проходило в актовом зале Семейского отделения грузовых перевозок в Усть-Каменогорске, пришли несколько десятков работников стальной магистрали.

Спикеры рассказали им о признаках финансовых пирамид, интернет-мошенничестве, лудомании. Старший оперуполномоченный 2-го оперативного управления департамента экономических расследований по ВКО Жанерке

Токтарбекова информировала собравшихся, что правоохранители за последние два года пресекли деятельность двух финансовых пирамид, которые причинили ущерб гражданам в размере более 400 миллионов тенге. Заместитель директора общественного фонда «Антарес А», психолог Серик Байбусунов рассказал железнодорожникам о признаках лудомании, как разглядеть проблему у близкого человека. Он также отметил, что в 2023 году, согласно официальным данным, оборот онлайн-казино, букмекерских контор составил 386,7 миллиона тенге. Ментор проекта

«Қарыссыз қоғам» Еркем Жумагулов объяснил основы финансовой грамотности, как отличить инвестиционные проекты от финансовых пирамид и интернет-мошенничества.

Озвученные темы напрямую не касаются деятельности железнодорожников, но они могут стать решающими в судьбе каждого и повлиять на душевное состояние, взаимоотношения с коллегами и близкими, качество работы. Поэтому участники встречи со стороны предприятий АО «НК «ҚТЖ» были вовлечены в диалог со спикерами, задавали насущные вопросы.

Председатель станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов рассказал, что среди работников железной дороги в Оскеменском регионе есть те, кто попал на удочку интернет-мошенников и теперь вынужден оплачивать огромные суммы кредитов – от 10 до 20 миллионов тенге. Ментор проекта «Қарыссыз қоғам» Еркем Жумагулов отметил, что каждый случай необходимо рассматривать индивидуально, их юристы оказывают консультационные услуги только тем, кто прошел обучение и получил сертификат.

НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ



ФОРУМ

В Алматы состоялся XI Молодежный форум транспортников «Kazlogistics» на тему «Будущее транспорта: синергия опыта и инноваций через призму искусственного интеллекта». Мероприятие собрало студентов и преподавателей 11 ведущих вузов страны, а также представителей транспортной отрасли и IT-сферы.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Форум проходил в Университете АЛТ им. М. Тынышпаева, где главной темой обсуждения стало внедрение искусственного интеллекта в транспортные системы, его роль в повышении эффективности перевозок и улучшения безопасности на дорогах.

Приветствуя будущих специалистов, генеральный директор Союза транспортников Казахстана «Kazlogistics» Канат Альмагамбетов отметил, что АО «НК «ҚТЖ» входит в ТОП-3 нашей страны, обладающее большими данными, что дает возможность применения искусственного интеллекта. В этой связи было сказано, что ҚТЖ начала сотрудничество с компаниями Huawei, Wabtec Corporation, Alstom и другими. Постепенно внедряются облачные решения, алгоритмы искусственного интеллекта, системы контроля и мониторинга подвижного состава,



а также цифровых решений по автоматизации процессов вождения поездов, составлению графиков и оптимизации операций по магистральной железнодорожной сети.

– Весь мир движется семимильными шагами в этом направлении, и наша с вами задача не отстать и не быть в стороне от этого процесса. Именно от молодежи требуется инициативность и высокий уровень профессионализма, повышенная адаптация и ответственность за результаты

своей работы, открытость новым технологическим решениям, способность к саморазвитию и генерации лидерства на различных уровнях, и сегодня мы увидим новые идеи применения цифровизации и искусственного интеллекта на транспорте, – отметил Канат Есмуханович.

Участники форума представили свои исследования и разработки, направленные на автоматизацию логистических процессов, оптимизацию транспортных маршрутов и прогнозирование

дорожных ситуаций с помощью искусственного интеллекта. В рамках работы молодежного форума прошли конкурсы, мастер-классы, брейн-ринги, выступления и беседы с ведущими экспертами отрасли, церемония награждения научных работ, инновационных исследований и презентаций проектов от учебных заведений. Форум стал важной площадкой для обмена опытом между молодыми специалистами и экспертами отрасли. Особое внимание уделялось взаимодействию науки и практики, а также тому, как инновационные технологии могут трансформировать традиционные методы управления транспортом.

Организаторы форума отметили высокий уровень представленных проектов и выразили уверенность, что такие инициативы помогут ускорить цифровизацию транспортной отрасли в Казахстане, открывая новые перспективы для ее развития.

Фото автора

БЕСПЕЧНОСТЬ ЧРЕВАТА

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана



БЕЗОПАСНОСТЬ

Более 70 человек попали под колеса поездов в Казахстане с начала года.

За этот период из-за нахождения на путях людей, животных и различных предметов машинам пришлось прибегнуть к экстремному торможению 1 684 раза.

При этом в 74 случаях наезда на людей избежать не удалось, и больше половины из них – со смертельным исходом.

За попытки перейти железнодорожные пути в неустановленных местах к административной ответственности привлечены 35 607 человек.

Чтобы избежать травматизма в зоне повышенной опасности, железнодорожники совместно с транспортными полицейскими ведут разъяснительную работу с населением и учащимися учебных заведений. Только в течение 2024 года проведено 14 593 профилактических мероприятия. Убедительно призывают соблюдать правила безопасности и пересекать железнодорожные пути в установленных местах, пользоваться специально оборудованными для этого пешеходными переходами (тоннелями, мостами).

РАБОТЫ ЗАВЕРШЕНЫ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



РЕМОНТ ПУТИ

В Костанайском регионе завершили работы по выполнению капитального, усиленного среднего и среднего ремонта железнодорожных путей.




Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Адильбек Касымғалиев, капитально отремонтировано 60,705 километра железнодорожных путей. Основная часть этого ремонта – 24,965 километра – пришлось на участок Карагалинская – Басагаш (378-403-й километры). Еще 19,846 километра путей было отремонтировано на участке Притобольская – Апановка (158-178-й километры). И третий участок пути протяженностью в 15,894 километра на перегоне Костанай – Алкау (287-303-й километры) отремонтирован в текущем году.

Что касается усиленного среднего и среднего ремонта, были охвачены другие участки железнодорожного полотна на различных перегонах Костанайского региона. Но самое главное – ежегодные объемы капитального ремонта путей не снижаются.

Фото автора

ПРОВЕРИЛИ ЗНАНИЯ

Любовь РОВБА,
Астана



ОБУЧЕНИЕ

Эрудицию и профессиональные знания продемонстрировали группы подготовки машинистов электровоза во время брейн-ринга в Центре оценки и развития персонала железнодорожного транспорта.



Традиционная интеллектуальная викторина организована в Астане по инициативе мастеров производственного обучения и машинистов-инструкторов.

– Мы неоднократно по итогам разных видов обучения проводили среди слушателей проверку знаний в таком формате. Интеллектуальные состязания помогают закрепить усвоенный материал, укрепить командный дух и учат быстро принимать решения в нестандартных ситуациях, – рассказал технический инспектор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта», организатор и ведущий мероприятия Сансызбай Шашдаулетов.

На этот раз в борьбу на интеллектуальном ринге вступили две группы подготовки машинистов электровоза – ПМЭ-1 и ПМЭ-2. В качестве жюри пригласили обучающихся в настоящее время в центре машинистов-инструкторов, возглавил судейскую коллегию машинист-инструктор по обучению Абзал Белялов из ТЧЭ-9 Жана-Есиль.

Главными темами стали электротехника и основы электроники для локомотивных бригад, устройство электровозов, пневматическое и тормозное оборудование, а также электрические схемы электровозов. Большикам организаторы тоже дали возможность проявить себя и предусмотрели в положении брейн-ринга «помощь зала».

Борьба за лидерство выдалась упорной. По итогам четырех туров счет был равным – 2:2. В заключительном, на тему электрических схем электровозов, не было равных Василию Пономаренко из команды ПМЭ-1, благодаря быстрым и правильным ответам которого ПМЭ-1 вырвали победу. К слову, мероприятие для Василия стало звездным часом – он признан лучшим среди участников сразу в двух номинациях – «Электрические схемы электровозов» и «Пневматическое и тормозное оборудование электровозов». В номинации «Управление электровозами» победил Бахытжан Хасенов (ПМЭ-2), в номинации «Устройство электровозов» – Максим Бурштын (ПМЭ-1) и Канат Еркебуланов (ПМЭ-2).

Выступая на церемонии награждения, главный менеджер отдела по учебно-методической работе Виктор Отрошенко поблагодарил организаторов за интересную игру, пожелав участникам успехов в учебе и работе.

Победители и призеры отмечены грамотами, кубками и памятными призами.

№89 (3019) 22/10/2024

ГОД ДОСТОЙНОГО ТРУДА

Во Дворце культуры железнодорожников прошло заседание совета Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».

Всего в мероприятии приняли участие 23 председателя первичных организаций железнодорожных структур.

На повестке дня рассматривались вопросы касательно текущей деятельности профсоюза, а также изменения в его составе.

За отчетный период работа совета Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» осуществлялась в соответствии с уставом профсоюза. Как известно, 2024 год был объявлен федерацией профсоюза Годом достойного труда в рамках 120-летия железной дороги Казахстана. В связи с этим был утвержден план работы, где важным акцентом делалось на улучшение состояния рабочих мест, юридической составляющей, социально-благотворительной помощи членам профсоюза, проведение культурно-массовой и спортивной работы.

По словам председателя Карагандинского филиала ОО «Казпроф-



транс» Яхия Альмусина, на сегодняшний день филиал объединяет 21 первичную организацию.

– Согласно статистическим данным на 1 января 2024 года, филиал включает в себя более 11 тысяч членов профсоюза, или 100% от общего числа работающих на предприятиях, – рассказывает он. – За текущий год проводился ряд плановых планерных совещаний с председателями профкомов предприятий региона, на которых рассматривались вопросы по финансовой части, исполнению сметы бюджета профсоюза, ведению организационно-массовой работы и делопроизводства, работы технических инспекторов по охране труда и технике

безопасности на предприятиях региона, а также производственного травматизма. Кроме того, обсуждались насущные проблемы первичных профсоюзных комитетов, проводилось ознакомление с новыми поступающими документами.

С начала года представители Карагандинского филиала профсоюза совместно с представителями предприятий осуществляли выездные проверки по соблюдению норм трудового законодательства и условий Коллективного договора, оказывали поддержку по оказанию практической помощи, усилению правозащитной работы на предприятиях железнодорожной отрасли, проводили собрания и беседы с более чем

тремя тысячами работников транспортной отрасли.

– Безусловно, особое внимание уделяется обращениям работников. Всего за текущий год поступило 14 заявлений по вопросам защиты прав социальных интересов работников отрасли, в том числе по безопасности и охране труда, установления норм выдачи спецодежды, по непредставлению компенсации, предусмотренной Коллективным договором, по вопросам оплаты трудового отпуска, исчисления стажа работы по специальным социальным выплатам, работ во вредных условиях, и другое, – подчеркивает Яхия Альмусин. – Одним из приоритетов Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» является защита прав работников.

В заключительной части мероприятия состоялось обсуждение плана работы филиала на текущий год, обозначены приоритеты и расставлены акценты на предстоящие годы.

В ходе заседания лучшим работником предприятий были переданы благодарственные письма от Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

В ЧИСЛЕ ЛУЧШИХ

В Усть-Каменогорске чествовали заслуженных работников, передовиков производства различных отраслей экономики – слесарей, металлургов, спасателей, токарей. В числе награжденных благодарственными письмами от областного акимата – старший осмотровщик вагонов Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) Марат Курмангалиев.



Поддержать своего работника вагонники пришли большой группой во главе с начальником ВЧД-24 Маратом Кыдырхановым. Заместитель акима ВКО Нурымбет Сақтаганов в своих выступлениях напомнил, что основная цель таких мероприятий – донести до детей, что труд является самым главным в жизни человека, а рабочие профессии, как в былые времена, должны получить свой высокий статус.

Марат Курмангалиев после поздравлений и праздничного концерта рассказал, что эта новость о награде стала для него неожиданностью.

– Для меня этот год очень волнительный. К 120-летию железной дороги Казахстана я ездил в Семей, где сам председатель правления АО «НК «КТЖ» Нурлан Сауранбаев вручил мне юбилейную медаль, –

поделится Марат Курмангалиев. – Только-только в душе улеглись радостные эмоции, как меня пригласили в концертный зал «Ертіс концерт» для вручения «Алғыс хат» от акима ВКО Ермака Кошербаева. Это очень приятно.

Общий стаж работы Марата Курмангалиева на железной дороге – 23 года. Он начинал со слесаря вагонов. Постепенно с приобретением опыта стал старшим осмотровщиком вагонов. У него много учеников, которые занимают руководящие должности. Сейчас ему до пенсии осталось 1,5 года. Марат Курмангалиев выразил благодарность руководству области и Оскеменского эксплуатационного вагонного депо за то, что его труд оценили.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск
Фото автора

ЖАНСЕРІК – ЖАС ҮЗДІК МАМАН

«Жас үздік маман» кәсіби байқауының республикалық кезеңінің маңғыстаулық Жансерік Қашқынбаев жүлдегер болып оралды. Ол екінші орынды еншіледі.

Жансерік алдымен конкурс шарты бойынша жергілікті іріктеуден өтіп, республикалық деңгейге шықты. Өңірлерден қатысқан әріптестері ішінде бағы жанып, Астана қаласында өткен марапаттау рәсімінің байқаудың екінші дәрежелі дипломына қоса 300 мың теңгенің сертификатын алды. Бұл сыйақы екі бала тәрбиелеп отырған отбасының несібесі болса керек.

– Жұмысшы мамандықтарының еңбегін елеп, ынталандыру бағытында мұндай мүмкіндіктер беріп жатқаны үшін байқауды ұй-



ымдастырушыларға алғыс айтқым келеді. Мен СОБ электромеханигі және қалпына келтіру пойызының кран машинисі мамандықтары арасында жарияланған байқауда бақ сынадым. Осы бағыт бойынша республикалық жарысқа

11 СОБ электромеханигі мен 6 кран машинисі өткен екен. Өзім СОБ электромеханигі мамандығы бойынша қатыстым, – дейді Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының «Р» бекетіндегі СОБ электромеханигі Жансерік Қашқынбаев.

Жансерік 1996 жылы Ақтөбеде дүниеге келгенімен, бала күнінде отбасымен Маңғыстауға қоныс аударып, түбектің төл перзентіне айналған. Өсе келе анасы қызмет ететін саламен келешегін байланыстыруға шешім қабылдапты.

2014 жылы Алматыдағы теміржол институтына оқуға түсіп, автоматты басқару бағыты бойынша білім алады. Дипломды маман ретінде Маңғыстау теміржолына жұмысқа орналастырады. Алғашқы еңбек жолын Бөлашақ станциясында бастап, көп ұзамай оны Боржақты бе-

кетіндегі электромонтер жұмысына ауыстырады. Осылай, жас жігітті шындырамақастында басшылық қай станция, бекеттен жұмыс тапсыра, сол жерге жұмыс ауыстырып, міндетін ойдағыдай орындап жүреді. Өткен жылы «Р» бекетінде электромеханик штаты ашылып, осы бекеттегі электромеханик қызметі Жансерікке табысталыпты.

– Кезекші таблодағы сигналдарды ашып, пойыздарды қабылдап жөнелткен кезде біз бұрмалар мен бағдаршамдардың сәйкестігін қадағалап, бақылап, жалпы соның күтіміне жауаптымыз. Олар істемей қалса немесе қандайда бір кедергілерге тап болса, ақауларды анықтап, жөндеміз. Тіпті күндізді қойып, түннің қай уақыты болса да дереу жетіп, өз міндетімізді атқарамыз. Өйткені бұл кедергілер дереу жойылуы керек. Қозғалысқа қауіп төнбейтініс, – дейді өз ісін білгірі.

Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛДЕ ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНДІ

«Ақтөбе-1-Жіңішке» өткеліндегі темір жол бойында 18 жастағы Қостанай тұрғыны ұсталды. Одан 50-ден астам қаптамаға оралған есірткі тәркіленді.



Теміржол тәртіп сақшылары күдікті тұрғынды жеке тінту кезінде оның әмиянынан 51 ұнтақты зат салынған қаптаманы тапты. Алынған психотроптық заттың жалпы салмағы 560 грамнан асады, бұл аса ірі көлемге жатады. Қазіргі уақытта аталған факт бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде. Теміржол сақшылары станциялар мен вокзалдар маңында қауіпсіздік шараларын күшейтті.

Тәртіп сақшылары өзге ақпараттардың ҚР ҚПК 201-бабының талаптарына сәйкес тергеу мүддесіне орай жария етілуге жатпайтынын айтты. Мұндай бақылау, анықтау жұмыстары басқа өткелдер мен станцияларда жүретін болады.

Арлан СЕРДАЛЫ, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

Оқу-жаттығу

КҮКІРТПЕН КҮРЕСТІ

Күкірт тиеген вагон апатқа ұшырап, өрт шықты. Осындай қауіпті жағдайда қалай әрекет ету керек. Кезекті оқу жиыны кезінде құрылымдардың бірлескен жұмысы, қызыл жалынға қарсы дайындықтары пысықталды.



«КТЖ» ҰК» АҚ-ның Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі филиалына қарасты №39 Ақтөбе өрт сөндіру пойызы мен облыстық ТЖД бірлесіп, кешенді оқу-жаттығу өткізді.

Сценарийге сай, күкірт қышқылы тиелген жүк вагоны жолдан шығып кетеді. Пайда болған техногендік сипаттағы төтенше жағдай бойынша Ақтөбе өрт сөндіру пойызы қауіпті жойып, шұғыл залалсыздандыруға тиіс.

Оқу-жаттығу алаңында күкірт қышқылы тиелген жүк вагонынан өрт тұтаңды, түтін пайда болды. Вагон құрастырушы дереу

тиісті орындарға хабарлады. Улы магистральдық желі бөлімшесінің қызметкерлерінің қасиеттері қорғамдық бірлестігі айналысады. «Қазақстан теміржолы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кешенді оқу-жаттығу Ақтөбе өрт сөндіру пойызының басшысы Бауыржан Файзуланың жетекшілігімен өтті. Сонымен қатар облыстық ТЖД және ПЧ-3 Ақтөбе жеке құрамынан 33 адам қатысты. Апаттық жағдай болған жер толықтай

залалсыздандырылып, берілген тапсырма уақытында орындалды. Жаттығу кезінде ең алдымен жеке құрамның іс-қимылды шапшаң әрі сауатты орындауы маңызды.

«Апаттық жағдайдың алдын алу бағытындағы жұмыстарды нығайту маңызды. Мұндай шаралар оқыс жағдайда шұғыл әрекет етуге көмектеседі. Көзімен көрген оқиға қызметкерлерге сауатты әрекет жасау жолын көрсетеді», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Темірбек Елғонды.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суреттерді түсірген автор

ДОНОРЛЫҚ БАҒДАРШАМ



Жамбыл облыстық қан орталығы 18-22 қазан аралығында «Донорлық бағдаршам» акциясын жариялады. Оған «Тараз көліктегі оқу орталығы» филиалының қызметкерлері донор болып, қан тапсырды.

Акция мақсаты – О(І), А(ІІ), В(ІІІ), АВ(ІV) қан топтары қорының резервін қалыптастыру.

Қан орталығының басшысы Гулам Омаровтың айтуынша, донорлардың қан топтары Түрік өндірісінің Octo-M анализаторы Dia Pro және OrthoClinical (АҚШ) компанияларының соңғы жоғары дәлдіктегі жабық типті автоматты құрылғылары арқылы анықталды екен. Бұл анализаторлар гель карталарымен жұмыс істетеу арналған, бұл қан тобы мен Rh факторын анықтау процесінде екі есе сенімділікті қамтамасыз етеді.

– Құрылғылар толығымен ав-

томатты, жоғары өнімділікке ие. Қан топтарына анализ жасап, тиісті компоненттерді дайындап, өңдейді. Жамбыл облыстық барлық емдеу-профилактикалық ұйымдарын қамтамасыз ету үшін донор қажет. Науқас жандарға дер кезінде көмек көрсету үшін біз азаматтарды қан тапсыруға шақырып, осындай арнайы іс-шаралар ұйымдастырып отырамыз. Акцияға үн қосқан «Тараз көліктегі оқу орталығы» филиалының қызметкерлеріне алғыс білдіреміз, – дейді Гулам Омаров.

Ардақ УСЕЙІНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

ЭКОЛОГИЯ ГРАНИЦ НЕ ИМЕЕТ

Илецкие железнодорожники активно поддержали республиканскую акцию «Таза Қазақстан», приняв участие в субботнике по уборке территории и высадке деревьев.



В частности, 30 работников станции Илецк, ППО и Илецкого локомотивного депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» традиционно поддержали экологическое движение АО «НК «Қазақстан темір жолы» в рамках республиканской акции «Таза Қазақстан» и дружно вышли на субботник.

Было высажено 10 молодых деревьев хвойных и лиственных пород, которые лучше всего

приживаются в условиях степей юго-востока Русской равнины. Помимо этого, были проведены уборка территории железнодорожных предприятий, очистка от сухой травы и веток, а также навели чистоту на рабочих местах.

Яна МАРЬИНА, Илецк
Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

КАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің қасиеттері одағы» қорғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубайбаев 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі б.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.